1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтап отырып орындау

Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы құжатта келтірілген қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосымша буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі. Бұл символды сіз қауіпсіздік техникасы нұсқаулығымен қатар таба аласыз.

Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» тарауына сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вангондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Жабдықты тасымалдау барысында келіктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау талаптары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес болуы керек.

Тасымалдау барысындағы қоршаған орта температурасы: -40 °C-ден 70 °C-ге дейін. Мейлінше жоғары сақтау мерзімі 3 жылды құрайды.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



Ескертпе
Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



Ескертпе
Атаулы нұсқауларды сақтамау электр тогына түсу себебі және адамдар өмірі мен денсаулығына қауіпті салдарларына ие болуы мүмкін.

Назар
вударыңыз

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.

Нұсқау

Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

200 сериялы UPS және UPSD сорғылары үш мүмкін болатын айналым жылдамдығын ауыстырып қосудың кіріктірілген жүйесімен бірнеше қатар кешендеі айналым сорғыларын ұсынады. Бұл көптеген жүйелерде энергияны едәуір үнемдеуге термореттеу клапандарынан және басқа ұқсас арматуралардан түсетін шуылды төмендететуге сонымен қатар жүйенің басқарымдылығын жақсартуға алып келетін көптеген жүйелердегі реттелмейтін моделдермен салыстыру бойынша айналым сорғының қажетті жұмыс режимін дәл таңдап алуға мүмкіндік береді.

Сорғылардың барлық электр қозғалтқыштарында кіріктірілген термоажыратқышбар.

Сорғылар екі орындалымда жеткізіледі:

- қара фирмалық тақташасы бар шойын корпусы,
- алтынды фирмалық тақташасы және сорғы бейнеленімінде «В» әріпі бар қола корпус.


Шойын корпусы сорғылар дара және қосарланған болуы мүмкін.

Құрылымы

200 сериялы UPS және UPSD сорғылары роторлы қорғаныш гильзасымен оқшауы бар сорғылар болып табылады, яғни сорғы мен электр қозғалтқышы білік тығыздағышыңыз біртұтас буынды түзеді. Бұл буында тек екі ғана тығыздағыш шығыршық қолданылады, ал мойынтіректер айдау сұйықтығымен майланады. 200 сериялы UPS(D) сорғылары құрылымының ерекшеліктері:

- Үш жылдамдықты электр қозғалтқышы;
- Керамикалық радиальді мойынтіректер;
- Графитті тіректік мойынтірек;
- Қорғаныш гильзасы, ротордың сыртқы қабықшасы және мойынтіректі пластинасы тот баспайтын болаттан жасалған;
- Шойын мен қоладан жасалған сорғы корпусы;
- Статор орамына кіріктірілген термоажыратқыш.

200 сериялы UPS сорғысының түрі 1-сур. келтірілген.



TM02 1397 1101

1-сур. 200 сериялы UPS сорғысының кесігі

Айқ. Атауы	Материалы	DIN бойынша бөлшектер №
1	Клеммалық қорап	PA66 композиті
2	Бұрандалы тығын	Никельден-дірілген жез
3	Фирмалық тақташа	PA66 композиті
4	Статор корпусы	AlSi 10Cu ₂ алюминий құйындысы
	Статор орамы	Мыс сым
	Статор қақпағы	PETP композиті
5	Бұрандалар	Болат 8.8

Айқ. Атауы	Материалы	DIN бойынша бөлшектер №
6 Дөңгелек қиылысының тығыздағыш шығыршығы	EPDM эластомерлері	
7 Мойынтіректің сыртқы шығыршығы	Алюминий тотығы/кремний карбиді	
Ротордың қорғаныш гильзасы	Тот баспайтын болат	1.4301
8 Білік (шойыннан жасалған сорғылар)	Тот баспайтын болат	1.4305
Білік (қоладан жасалған сорғылар)	Тот баспайтын болат	1.4401
Ротордың сыртқы қабығы	Тот баспайтын болат	1.4301
9 Тіректік мойынтірек	106 МУ графиті	
10 Мойынтіректі пластина	Тот баспайтын болат	1.4301
Мойынтіректің ішкі шығыршығы	Алюминий тотығы/кремний карбиді	
11 Стопорлы шығыршық	CuSn6 қоласы	
12 Жарма конус	Тот баспайтын болат	1.4305
13 Жұмыс дөңгелегі	Тот баспайтын болат	1.4301
14 Сомын	Тот баспайтын болат	1.4305
15 Жарықшақты тығыздағыш	Тот баспайтын болат	1.4301
16 Сорғы корпусы	EN-GJL-250 шойыны немесе CuSn10, DIN 1705 қоласы	EN-JL-1040 2.1050.01
17 Датчикті жалғағыш ұясы	Жез/тот баспайтын болат	
18 Бұрма жапқыш (қосарлы сорғыларда)	EPDM эластомері	
19 Шашыраудан қорғауға арналған шығыршық	Тот баспайтын болат	1.4305

200 сериялы UPS фирмалық тақташа



2-сур. 200 сериялы UPS фирмалық тақташасының мысалы

- 1 – құрастыру ұзындығы;
- 2 – өнім нөмірі;
- 3 – сорғының типтік белгілері;
- 4 – дайындалған уақыты, [1 және 2 саны – дайындалған жылы; 3 және 4 саны – дайындалған аптасы];
- 5 – дайындау күні;
- 6 – әр түрлі жылдамдықтағы номиналды ток I1/1 [A] және әр түрлі жылдамдықтағы мейлінше жоғары тұтынылатын қуат P1 [Вт];
- 7 – температуралық сынып;
- 8 – жүйедегі мейлінше жоғары қысым [МПа];
- 9 – қорғаныш дәрежесі;
- 10 – айналым бағыты;
- 11 – нарақтағы айналым белгілері;
- 12 – дайындаушы ел.

Типтік белгілері

Мысал UPS (D) 65 -120 (2) F (B)

Типтік қатар

Қосарланған сорғы

Ернемектің номиналды диаметрі [мм]

Мейлінше жоғары тегеурін [дм]

Электр қозғалтқышының полюстер саны (2 және 4 полюсті қозғалтқыштар үшін ғана)

Ернемекті орындалым

Қола корпусы бар сорғы

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз. Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз. Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжыту



Ескертпе

Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет. Кез-келген басқару шкафын тасымалдау артқы қабырғасында көлденең күйінде жүзеге асырылады, шкаф қасбеті жоғарыға қарағаны дұрыс.



Назар
вударыңыз

6. Қолданылу аясы

Сорғылар жылыту және желдету жүйелерінде жұмыс сұйықтықтарын айдау үшін арналған. Сорғылар сонымен қатар жеке үйлердегі ыстық сумен қамтамасыз ету жүйелерінде қолданылады.

6.1 Айдайтын сұйықтықтар

Қатты немесе ұзын талшықты қосылымдарсыз, сонымен қатар минералды майлардан тұратын қоспасыз таза, тұтқырлығы аз, агрессивті емес және жарылысқа қауіпсіз сұйықтықтар.

Егер сорғы жылыту жүйесіне енгізілген болса, онда сол жердегі айдалатын су жылыту жүйелерінде қолданылатын суға, мысалы СО 153-34.20.501-2003 қойылатын қарапайым талаптарды қанағаттандыруы керек.

UPS және UPSD сорғыларын **жеке үйлерді ыстық сумен қамтамасыз ету жүйелерінде** егер су қаттылығы 5 °Ж төмен болғанда қолданған жөн.

Тым жоғары қаттылық барысында “құрғақ” роторы бар TP сериялы сорғыны қолдану ұсынылады.

Жұмыс сұйықтығының температурасы туралы **15. Ақаулықтың алдын алу және жою** тарауында мәлімделеді.



Ескертпе

Сорғыны дизельді отын, бензин сияқты тұтанғыш сұйықтықтарды немесе ұқсас сұйықтықтарды айдау үшін қолдануға болмайды.

6.2 Гликоль

UPS және UPSD сериялы сорғылары 50 % дейінгі концентрациялы гликоль ерітінділерін айдау үшін қолданыла алады.

50 %-дық гликоль ерітінділерінің мейлінше жоғары тұтқырлығы -10 °C барысында шамамен 32 сСт құрайды.

Гликоль ерітіндісін айдау барысында сорғының гидравликалық сипаттамаларының өзгеруі орын алады.



Нұсқау

Бұдан да анығырақ ақпаратты Grundfos Product Center (GPC) бағдарламасынан немесе www.grundfos.ru сайтынан алуға болады.

Гликоль ерітіндісі параметрлерінің өзгерісіне жол бермеу үшін, жұмыстан асып түсетін температураны бағалау керек.

Сонымен қатар жоғары температурада жұмыс уақытын қысқартқан жөн.

Жүйені гликоль ерітіндісін құяр алдында оны тазартып алу керек.

Тотықтанудың туындауын және тұнба түзілісін болдырмау үшін, гликоль ерітіндісін жүйелі түрде тексеріп отырған жөн. Қажеттілігіне қарай гликольді қосымша сұйылтқанда гликоль жеткізуші нұсқаулығында берілген нұсқаулықтарды басшылыққа алыңыз.



Назар
вударыңыз

DEX-COOL® маркалы гликоль сорғының зақымдануын туындатуы мүмкін.

7. Қолданылу қағидаты

200 сериялы UPS(D) сорғыларының жұмыс қағидаты шығысқа кіру келте құбырынан жылжыған сұйықтық қысымын арттыруға негізделген.


Қысымды арттыру айналмалы жұмыс дөңгелегі арқылы сұйықтыққа тікелей сорғы білігімен араластырылған электр қозғалтқышының білігінен механикалық энергия берілісі жолымен өтеді. Сұйықтық кіруден жұмыс дөңгелегінің орталығына және ары қарай қалақша түбіне ағады. Сыртқа тебуші күштер әсерінен сұйықтық артады, сәйкесінше шығыс келте құбырында қысым түзетін кинетикалық энергия көбейеді. Шиыршық (ұлу) камера жұмыс дөңгелегінен сұйықтық жинау және шығыс келте құбырына оның бағытталуы үшін арналған.

8. Құрастыру



Ескертпе
Сорғы жоғарғы температуралы бетіне адамдар кездейсоқ абайсыздан жанасып кетпейтіндей етіп орнатылуы керек.

Ернемектерінде бұранда астындағы 32-xx, 40-xx, 50-xx және 65-xx UPS(D) типтік сорғыларын құрастыру барысында міндетті түрде астына салынатын шайбалар қолданылады, 3-сур. қар.



3-сур. Бұранда астындағы сопақша саңылауға арналған шайбаның күйі

TM01 0683 1997

8.1 Бұрандалы қосылымға арналған тарту сәттері


Келесі сәттерімен ернемекті жалғасымдарында бұрандаларды тарту ұсынылады.

Бұранда өлшемі	Тарту сәттері
M12	27 Нм
M16	66 Нм

Сорғы электр қозғалтқышының білігі көлденең күйінде болатындай етіп орнатылуы керек. 4-сур. қар.

8.2 Ернемектердегі күш және сәттер

Сорғының ернемектерінде құбырлық қосылымдар жағынан мейлінше жоғары жол берілетін күштер мен сәттері 1-қосымшада келтірілген.



4-сур. Біліктің көлденең күйі

Корпустағы нұсқар сұйықтықтың айналым бағытын көрсетеді.

Көлденең орналасқан құбыр жетегі бар қосарлы сорғы міндетті түрде автоматты түрде ауа бұрғышымен жабдықталады. 8-сур. қар.

Ауа бұрғыш жеткізілім жиынтығына кірмейді.

TM02 1404 1101

15. Техникалық сипаттамалар тарауында келтірілген параметрлер осы тарауда көрсетілген мәндерінің шегінен шықпауы керек.


Назар аударыңыз

8.3 Клеммалық қораптың орналасуы

Статор корпусының төменгі бөлігінде конденсат түзетін ағызып алуға арналған екі дренажды саңылауы (5 x 10 мм) бар. Бұл саңылаулар тігінен төмен бағытталуы керек.

5-сур. нұсқарды қар. Статор корпусынан ауа шығаруға арналған саңылауды ағызып алу саңылауы ретінде қолдануға болмайды.

Дара сорғылардың клеммалық қорапта мүмкін болатын орналасуы 5 сур. көрсетілген. Бұл күй тік және көлденең орналасқан жұбыр жетектері ретінде сорғыларды орнату барысында ғана мүмкін.




5-сур. Дара сорғыларда клеммалық қорап орналасуы

Назар аударыңыз


Клеммалық қорапты тек 5-сур. көрсетілгендей етіп қана бұруға болады.

Клеммалық қораптың стандартты орналасуы 6-сур. көрсетілген.



6-сур. Стандартты күйі

Дара сорғыларға мүмкін болатын бағыт 7-сур. көрсетілген.




7-сур. Дара сорғыларға арналған ағын бағыты

TM05 1965 4111

TM02 1400 2701

TM04 5891 4409

Қосарлы сорғыларға мүмкін болатын бағыт 8-сур. көрсетілген.



TM02 1399 2701

8-сур. Қосарлы сорғыларға арналған ағын бағыты

Ескертпе
агрегаттан бұрандаларды алып тастар алдында жұмыс сұйықтығын ағызып алу керек немесе жұмыс сұйықтығы қайнау температурасында болуы мүмкін болғандықтан және жоғарғы қысым астында болуынан, сорғының сорып алу және айдау жағынан тиекті бұрандаларды жабу керек.



Клеммалық қораптың күйлерін өзгерту үшін, келесілерді орындау керек:

1. Сорғының басқы бөлігін бекітіп тұратын төрт бұранданы бұрап босату.
 2. Сорғының басқы бөлігін қажетті күйіне бұрау.
 3. Бұрандаларын қайта қойып, оны тығыздап тарту.
- Қосарланған сорғыларда клеммалық қораптың күйін өзгерту барысында екі клеммалық қораптардың арасындағы кабельді алу керектігі туындауы мүмкін. Кабельді 1-сорғының клеммалық қорабынан ағытып жіберу ұсынылады.



Ескертпе
Электр қорегі ағытылғанға дейін клеммалық қорапта қандай да бір жұмыстарды орындауға тиым салынады.

Пайдалануға енгізер алдында жүйе жұмыс сұйықтығына толтырылуы және одан ауа шығарылуы керек. Сорғыға кіруде талап етілетін қысымы қамтамсыз етіледі.

2-қосымшаны қар.

Клеммалық қорап күйін өзгерту кезінде фирмалық тақташа күйі тақташадағы ойық төменгі бағытты көрсететіндей етіп өзгертілуі керек. Сонда сорғыдан ауаны шағыру барысында, егер ол талап етілетін болса, сорғыдан сұйықтық шығатын болады.

Назар аударыңыз

Фирмалық тақташаның күйін өзгерту үшін, ойыққа бұрағышты орналастыра отырып ашыңыз, тақташаны қажетті күйіне бұраңыз және оны бекіту үшін басыңыз.

9. Электр жабдықты қосу

Электр жабдықтарын қосу жергілікті нормалармен ережелерге сәйкес мамандармен ғана орындалу керек.

Ескертпе
Электр қорегі ағытылғанға дейін клеммалық қорапта қандай да бір жұмыстарды орындауға тиым салынады.



Сорғы жерге тұйықталуы керек. Барлық полюстерін ағыту барысында сыртқы ажыратқыш түйісулерінің арасындағы ауа саңылауы 3 мм кем болмауы тиіс (әрбір полюс үшін).



Ескертпе
Желілік ажыратқышты 0 күйіне ауыстыру мүмкіндігі қарастырылуы керек. Ажыратқыш типі 60204-1МЭК МемСТ 5.3.2 бөлімінде көрсетілген.

Жұмыс кернеуінің және ток жиілігінің мәндері фирмалық тақташада көрсетілген номиналды деректерімен сай келетіндігін тексеріңіз.

Термоажыратқыш таңдалып алынған айналым жиілігі барысында сорғының номиналды жүктемесінің тоғына (фирмалық тақташада көрсетілген) бапталуы керек. 23-сур, 3-қосымшаны қар.

Тікелей жанасу болмағанда, ток соққысынан қорғаныш ретінде ерге тұйықтау немесе нөлдендіру әдісі қолданылады.

Қосымша қорғаныш ретінде токтан зақымданудан қорғанышының ажыратқышын немесе қауіпті кернеуден іске қосылатын қорғанышты ағыту автоматын қолдануға болады.

9.1 Стандартты модульді дара және қосарлы сорғылар

Сорғы сыртқы қосқыш арқылы желіге қосылуы мүмкін.

Бұл қосқышты термоажыратқышпен кіріктірілген сорғыға жалғаған жөн: Т1 және Т2 клеммалы.

Мұнымен барлық үш айналым жиілігінің барысында шамадан тыс жүктелімінен қорғаныш қамтамасыз етіледі.

Егер сорғыдағы электр қозғалтқышының қорғанышы қорғаныш автоматынан жүзеге асырылған болса, онда бұл автоматты таңдалып алынған айналым жиілігі барысында сорғының жұмыс тогының сәйкес мәніне орнатады.

Назар аударыңыз

Айналым жиілігін ауыстырып қосқан әр уақыттары қорғаныш автоматының баптауларын міндетті түрде өзгерту керек. Белгілі бір айналым жиілігінің барысындағы жұмыс тогының көлемі фирмалық тақташада келтірілген.

15 және 16-сур. (3-қосымшаны қар.) электр жабдығын қосудың мүмкін болатын нұсқалары көрсетілген:

- 15-сур. ҚОСУ/АЖЫР сыртқы электрлі магнитті қосқышын қолдану барысында қосылым көрсетілген.
- 16-сур. ҚОСУ/АЖЫР сыртқы механикалық қосқышын қолдану барысында қосылым көрсетілген.

9.2 Релелік модулі бар қосарлы сорғылар

Қосарлы сорғылар кіріктірілген қорғаныш жүйесі сорғыны барлық үш айналым жиілігі барысында артық жүктелімінен қорғайтындықтан, желіге тікелей қосылады.

Дайындаушы зауытта сорғылар өзгермелі пайдалану режиміне бапталған, яғни олар кезегімен жұмыс сорғысы және резервті сорғы ретінде жұмыс істейді. Сорғылардың ауыстырылып қосылуы тәулігіне бір рет болады. 17 және 18-сур. (3-қосымшаны қар.) көп айқындамалы ауыстырып қосқышының қосылымы мен баптауларының мүмкін болатын нұсқалары көрсетілген.

- 17-сур.: Өзгермелі режим.
- 18-сур.: Жұмыстық ретінде 1-сорғымен және резервті ретінде 2-сорғымен резервті пайдалану режимі.

Мұндай пайдалану режимінде 2-сорғының көп айқындамалы ауыстырып қосқышы пайдалану режимінің индикациясына немесе ақаулықтар туындауына міндетті түрде бапталуы керек.

Назар аударыңыз

- 19-сур.: Жұмыстық ретінде 2-сорғымен және резервті ретінде 1-сорғымен резервті пайдалану режимі

Мұндай пайдалану режимінде 1-сорғының көп айқындамалы ауыстырып қосқышы пайдалану режимінің индикациясына немесе ақаулықтар туындауына міндетті түрде бапталуы керек.

Назар аударыңыз

Сорғыларды дара ретінде пайдалану барысында Сорғылар арасындағы кабель алынып тастауы керек.

Сорғылар 20 және 21-сур. көрсетілгендей етіп, жеке-жеке баптайды және қосады (3-қосымшаны қар.).

- 20-сур.: Пайдалану режимінің индикациясына арналған сигналды шығысын қосудың барысында электр жабдығын қосу және көп айқындамалы ауыстырып қосқышын баптау.
- 21-сур.: Ақаулық индикациясына арналған сигналды шығысын қолдану барысында электр жабдығын қосу және көп айқындамалы ауыстырып қосқышын баптау.

Сорғыларды дара ретінде пайдалану барысында көп айқындамалы ауыстырып қосқыш пайдалану режимінің немесе ақаулық туындау индикациясына бапталуы керек.

Назар аударыңыз

Жұмыстың немесе өзгермелі режимде оларды пайдалану барысында қосарлы сорғыларының туындаған ақаулықтарының индикациясы

Егер пайдалану немесе ақаулықтар режимінің индикациясы үшін сигналды шығуды қолдану қажет болған жағдайда **аралық реле орнатылуы керек.**

22-сур. 2-сорғыда немесе екі сорғыда ақаулықтар туындауы барысында сыртқы авариялық сигнализациясы бар өзгермелі режимде жұмыс істейтін бір фазалы электр қозғалтқышы мен жабдықталған сорғы көрсетілген.

Жұмыстың немесе резервті режимде оларды пайдалану барысында қосарлы сорғыларының туындаған ақаулықтарының индикациясы

Егер жұмыс сорғысын пайдалану режимінің индикациясы немесе ақаулығы үшін сигналды шығуды қолдану керек болған жағдайда **аралық реле орнатылуы керек.**

Егер пайдалану және ақаулықтар режимінің индикациясы үшін резервті сорғының сигналды шығысын қолдану керек болса, 20 және 21-сур. сақтау керек.

9.3 Жиілік түрлендіргішімен басқару

Жиілік түрлендіргіші бар UPS және UPSD сериялы сорғыларын келесі себептері бойынша қолдануға болмайды:

- Акустикалық шуыл деңгейі артады.
- Электр қозғалтқышының қызметтік мерзімі жиілік түрлендіргіші туындатқан кернеу өзгерісінен төмендейді.
- Үш фазалы қозғалтқышы бар сорғыларда жарықтық индикация іркілісі орын алады. Қызыл индикатор үнемі жанып тұратын болады.
- Релелік модульді немесе стандартты болып табылмайтын электр қозғалтқышының модульдері бар сорғыларын тоқтық үнемі өзгеріп тұруынан электр қозғалтқышының қорғанышы қамтамасыз етілмейтіндіктен, жиілікті түрлендіргішімен қолдануға тиым салынған.

Grundfos өндірісінің кіріктірілген жиілікті түрлендіргіші бар MAGNA3 сериялы сорғыларын қолдануға ұсыныс жасалады.

10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдау-тапсыру сынағынан өтеді.

Орнату орнындағы қосымша сынақтар талап етілмейді.


Пайдалануға енгізер алдында жүйе жұмыс сұйықтығымен толтырылуы және ауа шығарылуы керек. Кіруде сорғыда талап етілген қысымды қамтамасыз ету керек. *2-қосымшаны* қар.

Нұсқау

Жүйеден ауаны сорғы арқылы шығару мүмкін емес.

Ескертпе

Егер бұранданы бұрап босату керек болса (9-сур.), мұның алдында нәтижесінде шығатын жұмыс сұйықтығы адамдарға залал тигізбеуін немесе жабдық компоненттерінің зақымдану себебі болмауына көз жеткізіп алу керек.



9-сур. Сорғыдан ауаны шығару

TM02 1405 1101

11. Пайдалану


Пайдалану талаптары 15. *Техникалық сипаттамалар* тарауында келтірілген.

Клеммалық қорап модулі:

Дара сорғы клеммалық қорабы стандартты модулімен жабдықталған.

Қосарлы сорғының клеммалық қорабы стандартты немесе модулімен жабдықталған. Релелік модуль дара және қосарлы сорғыларға қосымша керек-жарақ ретінде жеткізіледі.

11.1 Стандартты модуль бар дара сорғы



TM00 9237 0602

10-сур. Стандартты модуль және айналым жиілігін ауыстырып қосқыш

Айқ. Атауы

- | | |
|---|--------------------------------------|
| 1 | Стандартты модуль |
| 2 | Айналым жиілігінің ауыстырып қосқышы |

Сорғыда жарық индикаторы функциялары төмендегі кестелерде келтірілген.

Бір фазалы электр қозғалтқышты сорғылары

Бір фазалы электр қозғалтқыштарымен жабдықталған сорғыларында тек жарық индикаторы бар.

Жарықтық индикаторы

Қосу	Сипаты
Желілік кернеу қосулы.	
Ажыр.	Жүйелік кернеу ажыратылған немесе сорғы термоажыратқыш арқылы өшірілген.


Үш фазалы электр қозғалтқыштары бар сорғылар

Үш фазалы электр қозғалтқыштарымен жабдықталған сорғыларда жасыл және қызыл индикаторлар бар.

Жарықтық индикаторлар		Сипаты
Жасыл	Қызыл	
Ажыр.	Ажыр.	Желілік кернеу ажыратылған немесе сорғы термоажыратқыш көмегімен ағытылған.
Қосу.	Ажыр.	Желілік кернеуі қосұлы
Қосу.	Қосу.	Желілік кернеуі қосұлы. Айналым бағыты қате.

11.2 Релелік модульді қосарлы сорғы

Екі клеммалық қорап та өзара төрт тармақты кабель арқылы байланысқан.



TM02 6328 0203


11-сур. Релелік модулі бар клеммалық қорабы


Айқ. Атауы


1	Сигналдар шығысын ауыстырып қосқыш
2	Релелік модуль
3	Айналу жиілігін ауыстырып қосқыш

Релелік модульде сорғыны пайдалану режимі немесе оның ақаулықтары туралы сыртқы ақпаратты беруді қамтамасыз ететін сигналды датчикті қосуға арналған немесе 1 және 2-сорғылар арасында ауыстырып қосуды басқаруға арналған шығу бар.

Көп айқындалмауы ауыстырып қосқыш көмегімен шығу сигналдарына арналған келесі функцияларды таңдап алуға болады:













 **Жұмыс:** Егер сорғы жұмыс істесе, шығу іске қосылады.

 **Ақаулық:** Шығу ақаулық туындауы барысында іске қосылады.

 **Өзгермелі режим:** Мұндай баптауды егер жұмыс және резервті сорғылар арасында ауыстырып қосу талап етілген жағдайда таңдап алады.

Релелік модулі бар барлық сорғыларда бір жасыл және бір қызыл индикаторы болады.

Осы екі жарықтық индикаторларының және сигналды шығудың функциялары келесі кестеде келтірілген.

Жарық индикаторлары		Сигнал шығысы іске қосылады		Ақаулық
Жасыл	Қызыл	Жұмыс	Ақаулық	
Ажыр.	Ажыр.			Сорғы ағытылған. Желілік кернеу ажыратылған немесе фаза ақаулы.
Қосу.	Ажыр.			Сорғы жұмыс істейді.
Қосу.	Қосу.			Үш фазалы электр қозғалтқышымен жабдықталған сорғыларында ғана: Сорғы жұмыс істейді, алайда біліктің айналым бағыты қате.
Ажыр.	Қосу.			Сорғы термоажыратқыш арқылы ағытылған.
Жыпылық-тайды	Ажыр.			Сыртқы ажыратқыш көмегімен сорғы ағытылған.
Жыпылық-тайды	Ажыр.			Сорғы ағытылған немесе термоажыратқыш көмегімен ағытылған, электр қорегінің сыртқы ажыратқышы ағытылған.

Келесі мүмкін болатын үш жұмыс режимі:

- **Өзгермелі** (зауыттық баптаулар). Сорғы жұмыстық және резервті ретінде кезекпен жұмыс істейді.
- **Резервті**. бір сорғы үнемі жұмыс істеп тұрады, ал басқасы - резервті ретінде тұрақты.
- **Дара сорғы режимі**. Сорғылар бір-біріне тәуелсіз түрде жұмыс істей береді.

Егер сорғылар бір уақытта жұмыс істейтін болса, онда олар кері жағдайда кері клапанның төменгі

айналым жиілігі бар сорғыны блоктау мүмкін болғандықтан, бірдей айналым жиілігіне бапталуы керек.

Назар аударыңыз

11.3 Айналым жылдамдығын таңдау


Клеммалық қораптағы айналым жылдамдықты ауыстырып қосқыштың үш күйі бар.

Жеке жағдайларда айналым жылдамдығы төмендегі кестеге сәйкес анықталады:

Айналым жылдамдығы оның мейлінше жоғары мәнінен %-да

Жылдамдықты ауыстырғыш күйі	Бір фазалы электр қозғалтқышы бар сорғылар	Үш фазалы электр қозғалтқышы бар сорғылар
1	шамамен 60 %	шамамен 70 %
2	шамамен 80 %	шамамен 85 %
3	100 %	100 %

Тым төмен айналым жиілігіне ауысу энергияны едәуір үнемдеуді қамтамасыз етеді және жүйедегі шуыл деңгейін төмендетеді.



12-сур. 1, 2 және 3 жылдамдығына сорғының сипаттамасы

Ескертпе
Электр қорегі ағытылғанша клеммалық қораптағы қандай да бір жұмысты орындауға тиым салынады.



Жылдамдық тәртібі келесі тәртіппен орындалады:

1. Сыртқы ажыратқыш көмегімен сорғыны желіден ағыту. Жасыл индикаторы жанбауы керек.
2. Клеммалық қорап қақпағын шешіп алу.
3. Жылдамдық ауыстырып қосқышының модулін алу және оны 13-сур. көрсетілгендей, жылдамдықтың талап етілген нөмірі клеммалық қорап қақпағындағы терезеден көрінетіндей етіп қайта орнату керек.


1-жылдамдықтан немесе 1-жылдамдыққа ауысу барысында айналым жиілігінің ауыстырып қосқышының қақпағы ауыстырып қосқыштың басқа жағына орнатылуы керек.

Назар аударыңыз

4. Клеммалық қорап қақпағын орнату.
5. Қорек көзін қосу. Жасыл индикатордың үнемі жанып тұрғандығын немесе жыпылықтауын тексеру.

Жылдамдық ауыстырып қосқышы желілік ажыратқыш ретінде қолданылмауы керек.

Назар аударыңыз



13-сур. Жылдамдықты таңдау

12. Техникалық қызмет көрсету

Сорғының техникалық қызмет көрсетулері мыналарды қарастыруы керек: электр кабелінің және электр негізінің тұтастығын айына 3 рет тексеріп отыру керек. Сонымен қатар сол реттілікпен сорғының/сорғылардың кіру және шығу келте құбырларының жалғану тұтастығын тексеріп отыру керек.

13. Істен шығару

200 сериялы UPS(D) сорғысын пайдаланудан шығару үшін, ауыстырып қосқышын «Ажыратылған» күйіне қою қажет.

Желілік ажыратқышқа дейін орналасқан барлық электр желілері үнемі кернеу астында болады.

Сондықтан жабдықтың кездейсоқ немесе рұқсатсыз іске қосылуының алды алу үшін, сорғы қондырмасының басқару шкафына дейін басқа тұлғаларды жібермеу қажет.

14. Төменгі температуралардан қорғау

Егер сорғы суық уақытта қолданылмаған болса, төменгі температуралар әсерінен зақымданудың алдын алатын шараларды қабылдау керек.

TM00 9247 4595

TM00 9583 4996

15. Техникалық сипаттамалар

Корек кернеуі

Бір фазалы электр қозғалтқышты сорғылар	Үш фазалы электр қозғалтқышты сорғылар
1 x 230-240 В 50 Гц	3 x 400-415 В 50 Гц

Корек кернеуінің шегі:

Қозғалтқыштар $\pm 6\%$ температура өзгерісінің талаптарын қанағаттандырады.

Бұдан өзге электр қозғалтқыштары $\pm 10\%$ кернеу диапазонындағы жұмыстары үшін сынақталған. Қозғалтқыштар осы жағдайларда және қызып кетуінен ажырауында ешбір қиындықсыз жұмыс істейді.

Кернеу шегінің мәні номиналды кернеу қысымына тәуелді. Кернеу шегінің мәні номиналдыдан ерекшеленетін қозғалтқыш үшін қолданыла алмайды.

Қорғаныш дәрежесі

IPX4D.

Қоршаған орта температурасы

0 °C-ден +40 °C-ге дейін.

Ауаның қатысты ылғалдығы

Ең азы 95 %.

Сұйықтық температурасы

Жылыту жүйесіндегі су:

Үнемі: -10 °C-ден +120 °C-ге дейін.

Қысқа мерзімде: +140 °C-ге дейін.

Шаруашылық ішетін суларға арналған ыстық су: +60 °C-ге дейін.

FKM-нан жасалған төсемі бар арнайы орындалымы (фторэластомер): +80 °C-ге дейін.

Сорғыны оқшаулау

Сорғының басқы бөлшегі оқшауланбауы керек. Егер жұмыс сұйықтығының температурасы қоршаған орта температурасынан төмен, статор корпусындағы дренажды сорғыны оқшаулаумен жабуға болмайды.

Жүйедегі қысым

Номиналды қысым мәні (PN) сорғы ернемектерінде көрсетілген. атаулы кесте әр түрлі температуралардағы әр түрлі номиналды қысым мәніне арналған жүйедегі барынша жол берілетін қысымын көрсетеді.

Қысым	Шойынды орындалым			Қола орындалым
	$\leq 120\text{ °C}$	130 °C	140 °C	$\leq 140\text{ °C}$
	[бар]/[МПа]			
PN 6	6/0,6	5,8/0,58	5,6/0,56	10/1,0
PN 10	10/1,0	9,7/0,97	9,4/0,94	10/1,0
PN 6/10	PN 6 және PN 10 қар.			
PN 16	16/1,6	15,6/1,56	15/1,5	16/1,6

Ернемекті қосылым

Сорғы типі	PN 6	PN 10	PN 6/10	PN 16	Бұранда астындағы саңылаулар саны
UPS(D) 32-xx			•	•	4
UPS(D) 40-xx			•	•	4
UPS(D) 50-xx			•	•	4
UPS(D) 65-xx			•	•	4
UPS(D) 80-xx	•				4
		•		•	8
UPS(D) 100-xx	•				4
		•		•	8

Сынақ қысымы

PN 6: 10 бар ~ 1,0 МПа.
 PN 10: 15 бар ~ 1,5 МПа.
 PN 6 / PN 10: 15 бар ~ 1,5 МПа.
 PN 16: 20,8 бар ~ 2,08 МПа.

Сынақ тотығуға қарсы қоспалары бар жылы (+20 °C температура барысында) сумен жүргізіледі.

Кірудегі қысым

Пайдалану кезінде сорғыға талап етілген мейлінше төмен қысымның кіруі *2-қосымшада* көрсетілген.

Дыбыстық қысым деңгейі

Сорғының дыбыстық қысым деңгейі 70 дБ(А) аз.

Термотүйісулерінің жүктеме сипаттамалар

Сорғы келесі параметрлері бар кіріктірілген термоажыратқышпен жабдықталған:

250 В AC / 1,6 А, $\cos \phi$ 0,6.

Термоажыратқыш көтеріңкі жұмыс температурасы барысында ажырайтын және температураның қалыптыға дейін төмендеуі барысында тұйықталатын нөлдік потенциалы бар қалыпты тұйықталған түйісуді танытады.

Шамадан тыс артық жүктелімінен қорғанышын қамтамасыз ету үшін, релені сыртқы термоажыратқышқа қосыңыз (3-қосымша кар.) немесе электр қозғалтқышының қорғаныш модульдерін немесе Grundfos өндірісінің релелік модулін орнатыңыз.

Егер сорғының қорғанышы артық жүктелім релесінің көмегімен қамтамасыз етілетін болса (ток бойымен электр қозғалтқышын қорғау) және кіріктірілген термоажыратқыш қолданылмаса, онда таңдалып алынған айналым жиілігіне сәйкес реле сорғының толық жүктемесінің тогының есебіне орнатылуы керек (токтың мәні зауыттың фирмалық тақташасында көрсетілген). 23-сур. 3-қосымшаны қараңыз.

Егер T1-T2 термотүйісулері сорғыны қорғанышты ағыту сызбасына қосылмаған болса, электр қозғалтқыш баяу қызудан сақталмаған күйінде қалады.

Назар аударыңыз

Іске қосу/тоқтату кіруі (стандартты модуль/релелік модуль)

Сыртқы потенциалсыз түйісу.

Мейлінше жоғары жүктеме: 250 В, 1,5 мА.

Мейлінше төмен жүктеме: 100 мА, 0,5 мА.

Жұмыс/қате сигналының шығуы (релелік модуль)

Кіріктірілген ауыстырып қосқыш потенциалсыз түйісу.

Мейлінше жоғары жүктеме: 250 В, 2 А, AC.

Мейлінше төмен жүктеме: 5 В, 100 мА, DC.

16. Ақаулықтың алдын алу және жою

Атаулы тарау екі бөлімнен тұрады. Бір бөлімінде стандартты модульді қоса отырып, клеммалық қорабы бар сорғылар қарастырылады, ал басқасында - релелік модульді қоса алғанда клеммалық қорабы бар сорғылар (қосарлы сорғылар үшін).

Ескертпе

Клеммалық қораптың қақпағын шешіп алар алдында және сорғыны әрбір бөлшектеу алдында сорғыны қорек кернеуінен міндетті түрде ағытыңыз.

Сорғының рұқсат етілмеген немесе кездейсоқ қайта қосылу мүмкіндігін болдырмайтын шараларды қабылдау керек.



Айдалатын сұйықтық қайнау температурасына дейін қыздырыла алады және жоғары қысым астында болады. Сондықтан сорғыны әрбір бөлшектер алдында гидрожүйеден барлық айдалатын сұйықтығын ағызып алу керек немесе сорып алу немесе, сәйкесінше, айдау жағынан тиекті арматураны жабу керек.

16.1 Стандартты модульді дара және қосарлы сорғылар

Ақаулық	Себеп	Ақаулықты жою
1. Сорғы жұмыс істемейді. Жарық индикаторының бірде-бірі жанбайды.	a) Қорек желісіндегі сақтандырғыш жанып кетті. b) Сыртқы желілік ажыратқыш ағытылған.	Сақтандырғышты ауыстыру. Сыртқы желілік ажыратқышты қосу.
	c) Зақымдау тогынан қорғаныш ажыратқышы немесе қауіпті кернеуден іске қосылатын қорғанышты ағыту автоматы іске қосылды.	Оқшаулау ақаулықтарын жою және зақымдану тогынан қорғаныш ажыратқышын және қорғанышты ағыту автоматын қайта қосу.
	d) Сорғы термоажыратқыш арқылы ағытылған.	Жұмыс сұйықтығының температурасы диапозондағы белгілі бір техникалық сипаттамаларында тұрғандығын тексеру. ҚОСУ/АЖЫР түйісулерін сыртқы ауыстырып қосқышының болуы барысында: сорғы оның жеткілікті түрде салқындауынан кейін, автоматты түрде іске қосылады. ҚОСУ/АЖЫР сыртқы импульстік түйісулерінің болуы барысында: сорғыны оның жеткілікті түрде салқындауынан кейін қосуға болады.

Ақаулық	Себеп	Ақаулықты жою
2. Сорғы жұмыс істемейді. Жарық түсті жарықтық индикаторы жанып тұр.	a) Ротор блокталған, алайда термоажыратқыш сорғыны ағытпады. b) Жылдамдықты ауыстырып қосқыш орнатылмаған.	Негізгі қорек көзін ағыту, сорғыны тазарту немесе жөндеу. Сыртқы ажыратқыш көмегімен желідегі қорек кернеуін ағыту және жылдамдық ауыстырып қосқышын орнату.
3. Тек үш фазалы электр қозғалтқыштарымен жабдықталған сорғыларға арналған: Сорғы жұмыс істейді. Жасыл және қызыл индикаторлар жанып тұр.	a) Сорғы қате айналым бағытымен жұмыс істеуде.	Сыртқы ажыратқыш көмегімен желінің қорек кернеуін ағыту және клеммалық қорапта екі фазаның орындарын ауыстыру.
4. Қондырғыдағы шуыл. Жасыл түсті жарықтық индикаторы жанып тұр.	a) Қондырғыда ауа болуы. b) Шығынның тым үлкен мәні. c) Айдаудың тым үлкен мәні.	Қондырғыдан ауаны шығару. Сорғының жұмыс сипаттамасын төмендету (төмендетілген жылдамдығын таңдау). Сорғының жұмыс сипаттамасын төмендету (төмендетілген жылдамдығын таңдау).
5. Сорғыдағы шуыл. Жасыл түсті жарықтық индикаторы жанып тұр.	a) Сорғыда ауа бар. b) Айдаудың тым жоғары қысымы.	Сорғыдан ауаны шығару. Тіреуіш қысымын арттыру және/немесе кеңейткіш бақтағы қысымды (оның болуы барысында) тексеру.
6. Қыздыру қондырғысына түсетін жылудың жеткіліксіз мөлшері.	a) Сорғының тым төмен өндірімділігі.	Егер мүмкін болса, көтеріңкі жылдамдықты таңдау немесе осы сорғыны аса жоғары басқа өндірімділікке алмастыру.

16.2 Релелік модульді қосарлы сорғылар

Ақаулық	Себеп	Ақаулықты жою
1. Сорғы жұмыс істемейді. Жарық индикаторының бірде-бірі жанбайды.	a) Қорек желісіндегі сақтандырғыш жанып кетті. b) Сыртқы желілік аыратқыш ағытылған. c) Зақымдау тоғынан қорғаныш ажыратқышы немесе қауіпті кернеуден іске қосылатын қорғанышты ағыту автоматы іске қосылды. d) Фаза жоқ (тек үш фазалы электр қозғалтқышымен жабдықталған сорғылар үшін).	Сақтандырғышты ауыстыру. Сыртқы желілік ажыратқышты қосу. Оқшаулау ақаулықтарын жою және зақымдану тоғынан қорғаныш ажыратқышын және қорғанышты ағыту автоматын қайта қосу. Сақтандырғыштары мен қосылымын тексеру.
2. Сорғы жұмыс істейді. Жасыл жарық индикаторы жыпылықтайды.	a) Сорғы сыртқы ажыратқыш көмегімен ағытылған.	Сыртқы ажыратқышты қосу.
3. Сорғы жұмыс істемейді. Жарық түсті жарықтық индикаторы жанып тұр.	a) Ротор блокталған, алайда термоажыратқыш сорғыны ағытпады.	Негізгі қорек көзін ағыту, сорғыны тазарту немесе жөндеу.
4. Сорғы жұмыс істемейді. Қызыл түсті жарықтық индикатор жанып тұр. Жасыл индикатор жанбайды.	a) Термоажыратқыш жұмыс сұйықтығының температурасы тым жоғары болғандықтан немесе ротор блокталуынан, сорғыны ағытты. b) Жылдамдықтың ауыстырып қосқышы орнатылмаған.	Жұмыс сұйықтығының температурасы диапазондағы белгілі бір техникалық сипаттамаларында тұрғандығын тексеру. Сорғы оның жеткілікті түрде салқындауынан кейін, автоматты түрде қосылады. Назар аударыңыз: Егер сорғы қысқа уақыт ішінде термоажыратқышпен ағытылған болса, онда оны желідегі қорек кернеуінің ағытылуынан кейін ғана қосуға болады. Сыртқы ажыратқыш көмегімен желідегі қорек кернеуін ағыту және жылдамдық ауыстырып қосқышын орнату.

Ақаулық	Себеп	Ақаулықты жою
5. Сорғы жұмыс істейді. Жасыл жарықтық индикатор жыпылықтайды. Қызыл түсті жарықтық индикаторы жанып тұр.	а) Сорғы ағытылған немесе термоажыратқыш көмегімен ағытылған, электр қорегінің сыртқы ажыратқышы ағытылған. б) Сорғы сыртқы ажыратқыш көмегімен ағытылған. Сорғы іске қосу кезінде кері бағытта айналатын болады.	Жұмыс сұйықтығының температурасы диапазондағы белгілі бір техникалық сипаттамаларында тұрғандығын тексеру. Назар аударыңыз: Егер сорғы қысқа уақыт ішінде термоажыратқышпен ағытылған болса, онда оны желідегі қорек көрнеуінің ағытылуынан кейін ғана қосуға болады.
6. Сорғы жұмыс істейді. Жасыл және қызыл индикаторлар жанып тұр.	а) Сорғы қате айналым бағытымен жұмыс істейді (тек үш фазалы электрлі қозғалқыштарымен жабдықталған сорғылары үшін).	Сыртқы ажыратқыш көмегімен желінің қорек көрнеуін ағыту және клеммалық қорапта екі фазаның орындарын ауыстыру.
7. Қондырғыдағы шуыл. Жасыл түсті жарықтық индикаторы жанып тұр.	а) Қондырғыда ауа болуы. б) Сорғының тым жоғары шығыны. с) Айдаудың тым жоғары қысымы.	Қондырғыдан ауаны шығару. Сорғының жұмыс сипаттамасын төмендету (төмендетілген жылдамдығын таңдау). Сорғының жұмыс сипаттамасын төмендету (төмендетілген жылдамдығын таңдау).
8. Сорғыдағы шуыл. Жасыл түсті жарықтық индикаторы жанып тұр.	а) Сорғыда ауа бар. б) Сорғыға кірудегі тым төмен қысым.	Сорғыдан ауаны шығару. Тіреуіш қысымын арттыру және/немесе кеңейткіш бақтағы қысымды (оның болуы барысында) тексеру.
9. Қыздыру қондырғысына түсетін жылудың жеткіліксіз мөлшері.	а) Қыздыру қондырғысына түсетін жылудың жеткіліксіз мөлшері.	Егер мүмкін болса, көтеріңкі жылдамдықты таңдау немесе осы сорғыны аса жоғары басқа өндірімділікке алмастыру.

17. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

«GRUNDFOS Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*
* нақты дайындалу елі фирмалық тақташасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:
Грундфос Казахстан ЖШС
Казакстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7
** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.


Орта Азия бойынша импорттаушы:
Грундфос Казахстан ЖШС
Казакстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.
Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Приложение 1.

Моменты и усилия на фланцах

Для определения максимально допустимых сил и моментов трубных соединений, действующих на насос (с фланцевым или резьбовым подключением) - см. рис. 14.



TM05 6639 3912

Рис. 14 Моменты и усилия на фланцах

Диаметр, DN	Усилие [Н]				Момент [Нм]			
	Fy	Fz	Fx	ΣFb	My	Mz	Mx	ΣMb
32	425	525	450	825	375	425	550	800
40	500	625	550	975	450	525	650	950
50	675	825	750	1300	500	575	700	1025
65	850	1050	925	1650	550	600	750	1100
80	1025	1250	1125	1975	575	650	800	1175
100	1350	1675	1500	2625	625	725	875	1300

Вышеуказанные значения относятся к чугунным и латунным исполнениям.

Приложение 2.

Минимальное давление на входе

Тип насоса	Минимальное давление на входе для горячей воды					
	Температура перекачиваемой жидкости					
	75 °С		90 °С		120 °С	
UPS/UPSD	[бар]	[МПа]	[бар]	[МПа]	[бар]	[МПа]
32-30	0.05	0.005	0.05	0.005	1.3	0.13
32-60	0.05	0.005	0.2	0.02	1.5	0.15
32-120	0.4	0.04	0.7	0.07	1.95	0.195
40-30	0.05	0.005	0.15	0.015	1.45	0.145
40-60/4	0.05	0.005	0.05	0.005	1.3	0.13
40-60/2	0.15	0.015	0.45	0.045	1.75	0.175
40-120	0.1	0.01	0.4	0.04	1.7	0.17
40-180	0.4	0.04	0.7	0.07	1.95	0.195
40-185	0.55	0.055	0.9	0.09	1.8	0.18
50-30	0.05	0.005	0.1	0.01	1.4	0.14
50-60/4	0.05	0.005	0.15	0.015	1.45	0.145
50-60/2	0.05	0.005	0.35	0.035	1.65	0.165
50-120	0.4	0.04	0.7	0.07	1.95	0.195
50-180	0.35	0.035	0.65	0.065	1.9	0.19
50-185	0.85	0.085	1.0	0.1	2.15	0.215
65-30	0.4	0.04	0.7	0.07	1.95	0.195
65-60/4	0.55	0.055	0.85	0.085	2.1	0.21
65-60/2	0.45	0.045	0.75	0.075	2.0	0.2
65-120	0.9	0.09	1.2	0.12	2.45	0.245
65-180	0.7	0.07	1.0	0.1	2.25	0.225
65-185	0.9	0.09	1.3	0.13	2.35	0.235
80-30	1.15	0.115	1.45	0.145	2.7	0.27
80-60	1.2	0.12	1.5	0.15	2.75	0.275
80-120	1.6	0.16	1.9	0.19	3.15	0.315
100-30	1.05	0.105	1.35	0.135	2.6	0.26

Данные в таблице приведены для нормального давления на уровне моря в 1 бар (0,1 МПа).

Приложение 3.

Схемы электроподключения





Рис. 15 Схема подключения при использовании внешнего электромагнитного пускателя ВКЛ/ВЫКЛ

TM00 9173 0305





Рис. 16 Схема подключения при использовании внешнего механического пускателя ВКЛ/ВЫКЛ

TM00 9172 0305




Рис. 17 Схема настройки многопозиционного переключателя. Переменный режим




Рис. 18 Схема настройки многопозиционного переключателя. Режим резервирования.

TM00 9177 2407






Рис. 19 Схема резервного режима эксплуатации с насосом 2 в качестве рабочего и насосом 1 в качестве резервного

TM00 9178 2407



TM00 9174 2407

Рис. 20 Схема подключения электрооборудования и настройка многопозиционного переключателя при использовании сигнального выхода для индикации режима эксплуатации



TM00 9175 2407

Рис. 21 Схема подключения электрооборудования и настройка многопозиционного переключателя при использовании сигнального выхода для индикации неисправности

1~




Рис. 22 Схема оснащенного однофазным электродвигателем насоса, который работает в переменном режиме с внешней аварийной сигнализацией при возникновении неисправностей на насосе 2 или на обоих насосах

TM00 9179 2407




Рис. 23 Схема работы насоса, если защита обеспечивается с помощью реле перегрузки (защита электродвигателя по току) и встроенный термовыключатель не используется

TM02 4334 0305

Информация о подтверждении соответствия

**RU**

Насосы UPS и UPSD серии 200 сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.00651 срок действия до 01.04.2019 г.

Выдан органом по сертификации «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ»

ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации

№ РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Истра, 2 апреля 2014 г.

KZ

200 сериялы UPS және UPSD сорғылары «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011) «Техникалық заттардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.00651, жарамдылық мерзімі 01.04.2019 ж. дейін.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді

сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иваново облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2,
10 этаж, офис XXV. Бизнес-
центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564 88 11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: +7 (375 17) 286-39-71
E-mail: minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казақстан Республикасы, KZ-
050010 Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы,
Қыз-Жібек көшесі, 7
Тел: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail: kazakhstan@grundfos.com

be think innovate

98683008 0216

ECM: 1178085

© Copyright Grundfos Holding A/S

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.

www.grundfos.com

GRUNDFOS 